

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектеп» КММ

Педагог кәсіби-бағдар берушінің жылдық есебі

Педагог КББ: В.С.Исмаилова

2023-2024 оқу жылы

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз— педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуымен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс.

Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесусайып келгенде, таңдаған мамандығын жеккөріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:


1. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
2. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарларын мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары:

Оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстырып, бейіміне қарай қабілетін анықтып, сауалнамалар жүргізу, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ата-аналарын хабардар ету.

2023 жылы қыркүйек айының бастапқы аптасында 9-11 сыныптар аралығындағы оқушылардың кәсіптік бағдар бойынша бағыт беру, мамандық таңдауына әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама алу жұмыстары педагог-кәсіби бағдар беруші В.С.Исмаилова, педагог-психолог М.М.Қалқабаева 9–11 сыныптар аралығында оқушылармен мамандыққа байланысты "Климовтың даралап диагностикалау сауалнамасы" жүргізіліп, жасөспірімдерге мамандыққа байланысты диагностиканың нәтижесі дер кезінде таныстырылып, психологиялық кеңестер берілді және әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Сауалнама қорытындысы




сы сауалнаманың шешімінде екі үш мамандық төңірегінде ғана таңдау жасалынғаны байқалды. Оқушылар ҰБТ ге дайындалып, кәсіби бағдар бойынша бағыт алып, түрлі сұранысқа ие мамандықтар төңірегінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата аналарымен ойласып, қабілеттеріне қарай тағы да ойларын өзгертіп, ауыл шаруашылығы саласына да бет бұрып, ойлану үстінде. Төменгі сынып оқушыларына да мамандық таңдауда еш қателеспей бірінші жүрек қалауларын бойынша қабілетің мен бейіміңе қарай жауапты ойланып нақты таңдау жасаған соң ауыстырмауға тырысыңдар деп түсіндіріп отырамын.

Жоспарға сәйкес мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру мақсатынада кәсіптік бағдар бойынша «Мамандықтар әлемінде» кеңес беру танымдық сабағы оздырылды. Іс-шара оқушылардың мамандық туралы таным көкжиегін кеңейтіп, қазіргі заманғы мамандықтар қандай, қандай мамандықтар сұранысқа ие, өз мамандығын дұрыс таңдау үшін қандай кеңестерге назар аудару керек? секілді сұрақтарға жауап алынып, талданды.


Нәтижесі төмендегі алты түрлі бейімділік бағыты бойынша қорытындыланды:

1. Адамдармен жұмыс істеуге бейімділік.
2. Зерттеу қызыметтеріне бейімділік.
3. Өндірістік жұмысқа бейімділік.
4. Іс-әрекеттің эстетикалық түрлеріне бейімділік.
5. Іс-әрекеттің экстрималды түрлеріне бейімділік.
6. Іс-әрекеттің жоспарлық-экономикалық түрлеріне бейімділік.

Жинаған ұпай сандары бойынша жалпы оқушылардың профессионалды бейімділік-90% және әлсіз профессионалды бейімділік-10% көрсеткіш көрсетті. Оқушылар сәйкес бейімділіктерін таңдап отырған мамандықтарына сай келетіндіктерін айтты.



Кәсіби бағдар беру жоспарына сәйкес 2023 жылдың қазан айында «Кім боламын?», «Мен болашақта....» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларынан эссе жұмысы алынды. Оқушылар өздерінің жалпы мамандық туралы ойларымен, таңдап қойған немесе енді таңдағалы қызығып жүрген мамандықтары туралы ойларын ашық жазды; ойымен бөлісті.



Төлеби аудандық білім беру бөлімінің кәсіби бағдар беру әдіскері Жұманова Салтанат Насырханқызының ұйымдастырумен "Жаңа-ұйым" жалпы білім беретін мектеп "ККМ-сінде 27.10.2023ж "Мамандық- болашаққа бастар жол" тақырыбында кәсіптік бағдар беру педагогтарымен бірлесе аудандық семинар ұйымдастырылды.
Бітіруші түлектерге ауданымыздың маман иелерімен кездесу ұйымдастырылды.

Ақмаржан акционерлік қоғамында бас есепші болып жұмыс жасаған зейнеткер, Аққұм ауылдық ардагерлер кеңесінің торағасы. **Умиртаев Серікбай ата.**

Сайрам Өгем мемлекеттік ұлттық Табиғи паркі. Төлеби ауданының филиалы директорның орынбасары **Бегжан Оразқұлов Сәрсенұлы.**


Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны Төлеби аудандық филиалы. Аққұм ауылдық округі ветериналдық бекет мал дәрігері **Абдиров Орынбек Ануарұлы.**

Төлеби ауданы «Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінің ұлағатты ұстазы **Құралова Сабира Елубайқызы.**

Төлеби аудандық полиция бөлімінің кәмілетке толмаған істер жөніндегі инспекторы **Жаңабай Дәурен Мүкбараханұлы.**



ҚР төтенше жағдайлар министрлігі, Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаменті, жедел құтқару жасағы мемлекеттік мекемесінің бас құтқарушы ауысым командирі **Жетпісбаев Рамазан Ұзақбайұлы**.



Кездесу барысында түлектер мамандық таңдау туралы құнды пікірлерімен бөлісті. Маман иелері мамандық бұл әрбір адамның сүйіп, қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы екенін айтып түсіндірді. Семинар қызықты тренингке ұласып, мектеп бітірушілер ҰБТ-ға қатысты соңғы жаңалықтардан хабардар етілді. Сондай-ақ, бітіруші сынып оқушыларына еліміздегі жоғары оқу орындары туралы пайдалы мағлұмат берілді.




Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушылары 20.11.2023 ж Шымкент қаласы QAZBILIM ұлттық лицейінде Астана қаласындағы Қайым Мұхамеджанов атындағы № 90 ұлттық гимназия директоры, QAZBILIM жобаларының негізін қалаушы, PhD химик, ақын блогер Аятжан Ахметжанұлымен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында Аятжан Ахметжанұлы "ҰБТ-да жақсы нәтижеге жетудің 7 ҚАДАМЫ" атты тренинг өткізді. Білімді "дұрыс" алу бағыттарына тоқталып, үздік нәтижеге үлкен еңбек арқылы жетуді ұқтырды. Оқушыларға мамандық таңдауға бағыт бағдар берді. Оқушылардың көңілінен шығып, ойындағы сұрақтарында ортаға салды.






21.12.2023 ж күні М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті Кәсіптік бағдар беру орталығының және атылмыш ЖОО-на қарасты Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы жоғары мектебінің ұйымдастыруымен ZOOM платформасында онлайн конференция болып өтті. Конференцияға мектебіміздің 11- сынып оқушылары түгел қатысты және көптеген ақпараттар алды. Мектеп оқушылары тарапынан туындаған барлық сұрақтарға жауап берілді.




Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінің 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдауына бағыт беру мақсатында қаламызда орналасқан №7 ІТ мектеп-лицей базасында 2024 жылдың 18 қаңтар күні Арнайы Алматы қаласында орналасқан “Азаматтық Авиация Академиясы” АҚ өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты: “Азаматтық Авиация Академиясы” жайлы бітіруші түлектерге бейіндік пән таңдау, мамандық таңдау, білім беру бағдарламалары, әскери кафедра, қабылдау ережелері жайлы ақпарат беру. Академия ұстаздары Алматы қаласының Азаматтық Авиация Академиясы, Авиация колледжінің оқытушыларымен авиациялық жоғары оқу орнында-ұшақ ұшқыштарын, авиация инженерлерін, әуе қозғалысын басқарушыларды дайындайтын мамандықтар туралы және де Академия түлектерінің әлемнің кез келген жерінде жұмыс істеуге болатыны туралы ақпарат берді.

Кездесуден оқушылар өздеріне қажетті мәліметтер жинақтап, келген мамандарға сұрақтар қойып, өздеріне қажетті болашақ мамандықтары жайлы жауаптарын алды.





01.02.2024ж Түркістан облысы, Төлеби ауданындағы Ленгер қаласында аудандық мәдениет үйінде жалпы білім беретін мектептердің бітіруші түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін "Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті және Сәкен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеттерінің" өкілдерімен кездесу болып өтті. Кездесуге Университеттің қабылдау комиссиясының басшысы, "Серпін" штабтың жетекшісі- Байжұманова Лейла Төлеубайқызы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет базасында **2024 жылдың 04 сәуір** күні ашық есік күніне мектебіміздің 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Атылмыш ЖОО на сапарымыз барысында оқушылар университеттің тыныс-тіршілігімен, студенттік өмірдің қызықтары, оқыту бағдарламалары және университет туралы көптеген ақпараттар алды. Оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға оқу орнының Кәсіптік бағдар беру орталығы директоры м.у.а Зауырбеков Талғат Талапбекұлы толық жауап берілді.



Мамыр айының 15 күні 9-сынып оқушыларының мамандық таңдауына бағыт беру мақсатында Түркістан облысы Ленгер қаласы №8 колледжне экскурсияға барды. Оқушылар колледжінің арнайы(дәнекерлеу ісі) пән оқытушысы Тажибаев Жамбай Каимұлымен кездесіп, колледждің білім берудегі мамандықтары-автомеханик,электрик,дәнекерлеуші, аспаз,тігінші т.б маман иелерімен танысып,мамандық туралы көптеген мағлұматтар алды.

Кездесудің мақсаты: №8 колледж МКҚК колледжі жайлы,бітіруші түлектерге мамандық таңдау,білім беру бағдарламалары, колледждің білім берудегі мамандықтары- автомеханик,электрик,дәнекерлеуші,аспаз,тігінші т.б ақпарат беру. Экскурсия нәтижесінде оқушылар колледждің тыныс тіршілігімен танысып,болашақ мамандықтарының пайдасын тереңінен ұғынып қайтты.

